

# Ленин түзі

ҚК(Б)П Солтүстік Қазақстан Облыстық Комитетінің, елбекшілер депутаттарының Облыстық Кеңесінің және ҚК(Б)П Петропавл қалалық комитетінің органы

Шығуына  
25-ші жыл  
№ 56  
(6757)  
1944 жыл  
Жексенбі  
19 Март  
Бағасы  
20 тыйын

## Жоғарғы Бас қолбасшының БҰЙРЫҒЫ

### Кеңестер Одағының Маршалы ЖУКОВҚА

1-УКРАИН майданының әскерлері шабуылды өрістете отырып, бүгін 17 мартта, орағыта маневр жасау нәтижесінде, немістердің Львов бағытындағы маңызды тіректі қорғану пункті—ДУБНО қаласын алды.

ДУБНО қаласын алу ұрыстарында генерал-лейтенант ПУХОВТЫН, генерал-лейтенант НЕЧАЕВТИН, генерал-майор ЧЕРОКМАНОВТЫН әскерлері, танк әскерлерінің генерал-майоры КОРОЛЕВТИН, полковник ПУШКАРЕВТИН танкшілері мен артиллерия генерал-майоры КУБЕЕВТИН артиллерияшылары көзге түсті.

Қол жеткен жеңістің хұрметіне, ДУБНО қаласын азат ету ұрыстарында неғұрлым көзге түскен құрамалар мен бөлімдер «ДУБНО» атағын беруге және ордендермен наградтауға ұсынылсын.

Бүгін, 17 мартта, 22 сағатта Отанымыздың астанасы МОСКВА жүз жыйырма төрт зенбіректен онекі дүркін артиллерия оғын атып, ДУБНО қаласын алған 1-УКРАИН майданының айбынды әскерлеріне Отанымыз атынан хұрмет көрсетеді.

ДУБНО қаласын азат ету ұрыстарына қатысқан, Сіздің басқаруыңыздағы әскерлердің бәріне ұрыс қыймылдарын өте жақсы жүргізгені үшін АЛҒЫС ЖАРИЯЛАЙМЫН.

Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін болған ұрыстарда қаза тапқан батырлардың данқы мәңгі өшпесін! Неміс басқыншылар құртылсын!

### Жоғарғы Бас қолбасшы Кеңестер Одағының Маршалы И. СТАЛИН.

1944 жылғы 17 март.

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚОРҒАУ КОМИТЕТІНІҢ ПРЕДСЕДАТЕЛІ МАРШАЛ И. В. СТАЛИН ПОЛЯК АРМИЯСЫ КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХҰРМЕТІНЕ ҚОНАҚАСЫ БЕРДІ

Поляк Армия корпусының Поляк Армиясына айналдырылуына байланысты, Мемлекеттік Қорғау Комитетінің Председателі И. В. Сталин 16 мартта, Кремльде, КСРО дағы Поляк Армиясы командованиясін хұрметіне қонақасы берді.

Қонақасыда: Поляк Армиясының қолбасшысы генерал-лейтенант З. М. Берлинг, генерал-майор К. К. Сверчевский, генерал-майор Б. И. Полторжский, генерал-майор Б. Ч. Кеневич, генерал-майор В. М. Бевзюк, генерал-майор А. Ф. Сивицкий, полковник С. С. Галицкий, полковник Л. А. Букоемский, полковник И. И. Межицан, полковник А. С. Модзолевский, полковник К. А. Бабан, подполковник А. Л. Завадский, подполковник И. Г. Гавронский, подполковник Я. А. Правин, майор М. З. Метковский, капитан Э. И. Охав болды.

Қонақасыда: Поляк Патриоттары Одағынан: А. В. Витос, Б. Р. Дроб

нер, академик Я. О. Парнас, Л. Б. Хвистек, С. К. Ендриховский, Ю. Я. Штахельский, С. О. Скшешевский, С. Ф. Радкевич, Я. И. Берман, Э. Л. Зоммерштейн болды. Поляк Патриоттары Одағының Председателі В. А. Василевский наука болғандықтан қонақасыға қатыса алмады.

Қонақасыға кеңес елінен: В. М. Молотов, Маршал К. Е. Ворошилов, А. И. Микоян, Л. М. Каганович, Г. М. Маленков, Л. П. Берия, А. С. Шербаков, Н. А. Вознесенский, авиация Маршалы А. Е. Голованов, танк әскерлерінің Маршалы Л. Н. Федоренко, армия генералы А. В. Хрулев, армия генералы А. И. Антонов, генерал-полковник Ф. И. Голиков, авиация-генерал-полковнигі А. В. Никитин, Мемлекет қауіпсіздігінің комиссары Г. С. Жуков қатысты.

Қонақасы беру кеңес-польша достығы рухында өтті.

## Гвардия полковник Бауыржан Момышұлы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің хұрметті грамотасымен және бағалы сыйлықпен наградтау туралы

### Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Указы

Неміс басқыншыларға қарсы күрес майданында үкмет пен командованиенің жауынгерлік тапсырмаларын үлгілі орындап, мұнымен бірге ерлік және жүректілік көрсеткені үшін гвардия полковник Бауыржан Момышұлы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің хұрмет грамотасымен наградталып, бағалы сыйлық қоса тапсырылсын.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Председателі Э. ҚАЗАҚБАЕВ.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумы Секретарінің міндетін атқарушы С. НҰРМАҒАМБЕТОВ.

Алматы қаласы, 1944 жылғы 7 март.

1-УКРАИН майданының әскерлері шабуылды өрістете отырып, 17 мартта, орағыта маневр жасау нәтижесінде, немістердің Львов бағытын дағы маңызды тіректі қорғану пункті ДУБНО қаласын алды.

Жеңімпаз Қызыл Армияның батыр жауынгерлерінің данқы арта берсін!

## КЕҢЕС ИНФОРМБЮРОСЫНАН 17 МАРТТАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

1-УКРАИН майданының әскерлері шабуылды өрістете отырып, орағыта маневр жасау нәтижесінде, 17 мартта немістердің Львов бағытындағы маңызды тіректі қорғану пункті ДУБНО қаласын, сол сыяқты ұрыспен 40тан аса басқа елді пунктті, оның ішінде Ровно облысының ДЕМИДОВКА аудан орталығы мен ВЕЛНИТЕ, ТОРГОВИЦА, ВОЙНИЦА, БОКУЙМА, СМОРДВА, РУДКА, БЕЛЧА үлкен елді пункттерін алды.

17 мартта ПРОСКУРОВ бағытында әскерлеріміз дұшпанның жаңау әскерлері мен танктерінің қарсы атакаларын тойтаруда болды, сөйтіп жауды адам күші мен техникасы жағынан орасан көп шығынға ұшыратты.

ВИННИЦА қаласының оңтүстік жағында әскерлеріміз шабуыл ұрыстарын жүргізуде болды, бұл ұрыстардың барысында бірнеше елді пунктті, оның ішінде ПОТОКИ, СИДАВА, ГРИШЕВЦЫ, МАЯНИВ, ШЕРШНИ, ВАСИЛСВКА, ЗВОНИХА, КОДЮХОВ, КАНАВА елді пункттерін алды.

УМАН қаласының батыс және оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз шабуылды өрістете отырып, Винница облысының аудан орталықтары—БРАЦЛАВ қаласын, ТОМАСПОЛЬ қаласын, КРЫЖОПОЛЬ, ЧЕЧЕЛЬНИК қалалары мен үлкен темір жол станцияларын, Одесса облысының ПЕСЧАНА аудан орталығын, сол сыяқты ұрыспен 150ден аса басқа елді пунктті, оның ішінде ЖАБОКРИН, ОРЛОВКА, ЮРКОВКА, ЖУРАВЛЕВКА, ВЕЛИКАЯ РУСАВА, ИГНАТОВКА, КЛЕМБОВКА, МЯСТКОВКА, ОЛЬШАНКА, ГОРЧКОВКА, ГОРОДИЩЕ, ВЕРЕКА, ТРАТИЕВКА, КАМЕНОВАТО үлкен елді пункттері мен ЮРКОВКА ЖУРАВЛЕВКА, КНЯЖЕВО темір жол станцияларын алды.

КИРОВОГРАДТЫҢ оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз шабуыл жасап отырып, Кировоград облысының НОВОУКРАИНКА ДОБРОВЕЛИЧКОВКА аудан орталықтары мен үлкен темір жол станцияларын, сол сыяқты ұрыспен 200ден аса басқа елді пунктті, оның ішінде НОВО-АЛЕКСАНДРОВКА, ВЕСЕЛЬНИК, ЛЕОНТОВИЧИ, НОВО-ЕГОРЬЕВКА, ЦЫБУЛЬКИ, ВАРВАРОВКА, ТРУДОЛЮБОВКА, БЕРДИЧИНО, КРИВОНОСОВКА, МАЙНОВКА үлкен елді пункттері мен АЛАБАШ темір жол станциясын алды.

БОБРИНЕЦ қаласының оңтүстік-батыс және оңтүстік жағында әскерлеріміз ұрыспен алға басты, сөйтіп 70тен аса елді пунктті, оның ішінде БОБРИНКА, ПЕНЬКОВО, НОВО-АЛЕКСАНДРОВКА, ШЕВЧЕНКО, ВАДЯНО-МИХАЙЛОВКА, БАЗЕЛЕВО, ОЛГОПОЛЬ, ВОССИЯЦКОЕ, БОГОДАРОВКА, СЕРБАНЫ үлкен елді пункттерін алды.

НИКОЛАЕВ бағытында әскерлеріміз шабуыл ұрыстарын жүргізуде болды, бұл ұрыстардың барысында 30дан аса елді пунктті, оның ішінде НОВО-ПЕТРОВСКОЕ, КОСТИЧИ, ДОБРИЕВКА, ИНГУЛКА, ЕЛЕНОВКА, КОПАНИ, ЦАРЕВОДАР елді пункттерін алды.

Майданның басқа учаскелерінде барлау жүргізілді.

16 мартта әскерлеріміз барлық майдандарда немістердің 35 танкін қыратты, жойды. Әуе ұрыстарында және зенит артиллериясымен дұшпанның 10 самолёті атып түсірілді.

1-Украин майданының әскерлері шабуыл жасауда болды. Н. құрамасының бөлімдері қатты ұрыстар нәтижесінде немістердің күшті қорғану шебін бұзып өтті. Жауынгерлеріміз шабуылды өрістете отырып, Икв өзенімен өтті де Дубно қаласын оңтүстік жақтан орағыта солтүстік-батысқа қарай бет алды. Екінші бір бөлімдеріміз қаланы солтүстік жақтан орап алып, оның батыс жақ аймағына басып кірді. Немістер ежелгі Дубно қамалында бекінуге тырысты, алайда олар жойылды. Бүгін әскерлеріміз немістердің Львов бағытындағы маңызды тіректі қорғану пункті Дубно қаласын толық менгерді. Дубно үшін болған ұрыстарда дұшпан адам күші мен техникасы жағынан орасан көп шығынға ұшырады.

Винница қаласының оңтүстік жағында Н. құрамасының бөлімдері Южный Буг өзенімен өтті де немістердің қарсылығын жеңіп жауды бірнеше елді пункттен қуып шығарды. Кеңес жауынгерлері Жмеринка үлкен темір жол торабының іргесіндегі СИДАВА селосын алды. Кеңес әскерлерінің алға басуын тоқтатпақ болған дұшпанның әрекеттері табыссыз болып, орасан көп шығынға ұшырады. Бөлімдеріміз тек бір учаскенің өзінде ғана бір күнде жаудың 1.500дей солдатты мен офицерін қырып салып, дұшпаннан 80 зенбіректі, 70 автомашинаны, оқ-ірі складын тағы басқа олжаны қолға түсірді. Екінші бір ауданда жауынгерлеріміз немістердің 22-жау әскер дивизиясының батальонын қоршап алып, жойып жіберді.

Умань қаласының батыс және оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз ойдағыдай шабуыл жасауда болды. Томасполь қаласы ауданында кеңес бөлімдері дұшпанның бекінісінің аралық қорғану шебіне жетті. Танкшілеріміз немістердің тылына өтіп, жаудың қорғану шебін орап алды. Дұшпан ұрыс болған жерде көптеген солдаттары мен офицерлерін өлді және жараланып қалдырып, жөңкіле кетіп шегінді. Жауынгерлеріміз шабуылды өрістете отырып, Томасполь қаласын алды. Әскерлеріміз Винница облысының аудан орталықтары Брандлау қаласын, Крыжополь және Чечельник қалаларын, Одесса облысының Песчаня аудан орталығын және басқа көп елді пунктті алды. Бір ауданда жаңау әскер батальонымыз дұшпанның тылына өтіп, немістің жаңау әскер полкі кері шегіліп бара жатқан жолды

алды. Кеңес жауынгерлері дұшпанға тұтқындалған атака жасап 800ден аса гитлершілдерді жер жастантты. Немістердің әрі қалған солдаттары мен офицерлері ат-арбалары мен қаруын қалдырып, үрейлене зытты.

\*\*\*

Николаев бағытында әскерлеріміз шабуыл ұрыстарын жүргізді. Н. гвардия құрамасының бөлімдері қауырғ алға басып, дұшпанның екі полк жаңау әскерлерін талқандады. Немістерден 10 зенбірек, 40 автомашина, 1.300 ат-арба және көп жаңау әскер қару-жарағы қолға түсірілді. Екінші бір учаскеде кеңес танкшілері мен жаңау әскерлері жауға тұтқындалған солдатты беріп, Ингулка елді пунктін алды. Бұл село үшін болған ұрыстарда 2.000дай гитлершілдер жойылды, дұшпаннан көп олжа және немістердің 1.000нан аса солдатты мен офицері қолға түсірілді.

Кеңес авиациясы Николаев ауданындағы дұшпанның аэродромына шабуыл жасаған кезде кіші лейтенант Ставтың истребителіне снаряд тиді. Самолет дереу төмен шүйіліп, немістер алып тұрған жерге қонды. Кіші лейтенант штурмашы Милованов өзінің жауынгер жолдасының қызын жағдайда қалғандығын көріп дереу жерге қонды, бірақ самолет бүлінді. Жаудың зенит оғы оның машинасын зияндаған болып шықты. Осы кезде штурмашылар тобын бастап келе жатқан лейтенант Лемехин самолёті бүлінген ушықтың жаңына келіп қонды. Осы жерге жақын маңда колхозшылар жұмыс істеп жүр еді. Олар далада болып жатқан бұл оқиғаны байқап тұрды. Катерлі жағдайға қарамастан бір топ колхозшылар кеңес ұшқыштарына көмектесуге келді. Бірнеше минуттан кейін Лемехин жолдас ұшқыш Ставты және штурмашы Миловановтың экипажын самолётіне отырғызып алды да, аспайға көтерілді, сөйтіп оларын өзінің аэродромына аман есен алып келді.

\*\*\*

Львов облысында қыймыл жасаушы партизан отряды 26 февральда неміс партизанына батыл шабуыл жасады. Партизандар жаудың 70 солдатты мен офицерін жойды, байлақсы торабын талқандады. Келесі күні кеңес патриоттары дұшпанның темір жол көпірін талқандап, әскер әшедолын қулатты, жаудың паровозы және оқ-дәрі тиелген 22 вагоны қыйрады.



# ЕГІННЕН ЖЕҢІСКЕ САИ ӨНІМ АЛУ ЖОРЫҒЫНА АТТАНАЙЫҚ!

*Кеңестер Одағының барлық совхоздарының жұмысшыларына,  
мамандары мен қызметшілеріне*

Қымбатты жолдастар!

Біз соғыс кезіндегі үшінші көк-  
мың қарсаңында тұрмыз.

Сталин жолдас Қызыл Армия-  
ның 26 жылдығына арнаған бұй-  
рығында тыл қызметкерлерінің іс-  
теген еңбегін жоғары бағалап, „ке-  
с халқының келешекте де қа-  
рмандықпен еңбек етіп, өзінің  
арлық күшін аянбай жұмсап, не-  
іс-фашист басқыншыларды неғұр-  
ым тез және біржолата талқандау  
шын еліміздің өндіріс күштерінің  
үздіксіз өсуін қамтамасыз ететінді-  
не“ сенім білдірді. Кеңес халқы  
үйікті көсеміміздің шақыруына  
ана еңбек ерлігімен, майданға  
емекті еселеп күшейтумен жауап  
беруде.

Кеңестер Одағының барлық ең-  
бекшілерімен бірге совхоздардың  
қызметкерлері де майдан үшін тын-  
ай еңбек істеуде. Қазір, жауды  
арлық жеңіп шығу күні неғұрлым  
ақындаған кезде, армиямыз бен  
елімізге азық-түлікті еселеп мол  
еру үшін, өнеркәсіпке шикі зат-  
ты неғұрлым көп беру үшін екі-  
се, үш есе жігермен жұмыс істе-  
міз керек.

Біздің совхоздың коллективі зор  
жұмысқа ие болды, 1943 жылы егін-  
нің өнімін соғысқа дейінгіден едә-  
ір арттырды. Біз дәнді егіннің әр  
гектарынан орта есеппен 14,4 цент-  
нер астық алдық. Аз күш жұм-  
сап, егіннен мол өнім алдық. Трак-  
торлармен істелетін жұмыстарға  
қанармайды үнемдеп жұмсап же-  
не көлік күшімен зор көлемді да-  
ла жұмыстарын орындай отырып,  
сонғы үш жыл ішінде совхозда  
1.400 центнер мұнай продуктын  
үнемдедік. Бір центнер астықтың  
түсер сағасы 28 процент кеміді.  
1943 жылы мемлекет алдындағы  
міндеттемізді барлық түрінен ар-  
тығымен орындадық: астық тапсыру  
жоспары 164 процент, сүт—251  
процент, ет тапсыру жоспары 260  
процент орындалды.

Сонымен, шаруашылығымыздың  
тәжірибесі, аз жұмысшы күшімен,  
тракторлар және жұмыс көлігімен  
өнімді мол алуға, оның түсер ба-  
ғасын арзандатуға болатындығын  
көрсетті. Тек ішкі резервтердің  
бәрін шеберлікпен пайдалана білу  
керек. Істің табысты болуы көбі-  
несе әрбір совхоз қызметкерлері-  
нің көктемгі егіс жұмыстарының  
үлгілі өткізілуінің түйінін шеше-  
тін істердің бәрін дер кезінде же-  
не тыңғылықты даярлауына бай-  
ланысты. Осыны есте сақтап, „Но-  
вая жизнь“ совхозының жұмысшы-  
лары, мамандары мен қызметшіле-  
рі әрбір күнді, әрбір сағат уақыт-  
ты көктемгі егіске барлық жағы-  
дан сақадан сай әзірлену ісіне пай  
алануда.

Тракторлар мен тіркеу сайман-  
дарының ремонту Қызыл Армия-  
ның 26 жылдығы күніне дейін то-  
лық аяқталды. Ремонтталған бар-  
лық машиналарды мемлекеттік ко-  
миссия жақсы деген бағаммен қа-  
былдады. Бұл жөнінде біздің ста-  
хановшылар—бригадир Степан Вор-  
аков, тракторшы Александра Чер-  
оусова, слесарь Михаил Подлес-

ных, комбайншы Иван Токарев  
көп еңбек сіңірді. Совхоздың қой-  
маларына жеткілікті мөлшерде жа-  
нармай тасылып алынды, трактор  
паркі егіс маусымында үздіксіз жұ-  
мыс істей алады.

Тұқым қоры—егіннен мол өнім  
алудың негізі. Сондықтан да біз  
барлық тұқымның өңіштігін тек-  
серіп, оны егіс сапасына же ткіз-  
дік. Құйылған тұқым барлық егіс  
алаңына толық жетеді.

Жергілікті тыңайтқыш заттарды  
жыйнау және оны тасу жұмысы  
ойдағыдай жүргізіліп жатыр. Қа-  
зірдің өзінде 15 тонна күл дайын-  
далып, егіс жеріне жүздеген тонна  
көп тасылды.

Механизатор кадрларын дайын-  
дау жөнінде күнілгері қамқорлық  
жасадық, курстарда 15 трактор-  
шы қыз оқып жүр. Совхозда бар  
тракторшылар әрбір машинаның  
екі сменамен жұмыс істеуін қамта-  
масыз етеді.

Бригадалар мен звенолар ұйым-  
дастыру жөнінде көп жұмыс істел-  
ді. Оларға жер учаскесі, құрал-  
сайман мен күш көлігі бекітіліп беріл-  
ді. Құрылған 19 звеноны тәжірибе-  
лі звеношылар, егіннен мол өнім  
алудың шеберлері басқарады. Таң-  
даулы звеношылар—Агафья Тимо-  
феева, Ирина Морковина және Ан-  
на Долгова өз учаскелерінде егін-  
нің гектарынан орта есеппен 150  
пұт астық алуға міндеттенді.

1944 жылы егіннен мол өнім  
алу үшін социалистік жарысқа  
ұштасып, біз егіннің шығымдылы-  
ғы жоспарын артығымен орындау-  
ға және ауа райының қандай жағ-  
дайында болса да совхоз бойын-  
ша дәнді егіннің әр гектарынан  
орта есеппен кемінде 110 пұт ас-  
тық алуға міндеттенеміз. Бұл мақ-  
сатқа жету үшін агротехникалық  
нақтылы шаралар белгіленді.

Жердің ылғалдылығын сақтау  
жолындағы күреске ерекше көңіл  
бөлеміз. Барлық зябь алаңын көк-  
темде күн ілгері бір-екі рет тыр-  
малап, бұл жұмысты бір күн ішін-  
де аяқтаймыз; барлық зябь тырма-  
лаумен бір мезгілде қайтадан куль-  
тивацияланады.

Көктемде жер жырту жұмысын  
ерте мезгілде жүргізіп, жерді ке-  
мінде 18-20 сантиметр терендікте  
жыртамыз.

Ерте егілетін дәнді егіс жеріне  
егіс сапасы жоғары сортты тұқым  
себуі ісін өте қысқа мерзімде 5-6  
күннен қалдырмай аяқтаймыз.

15 аттын күші бар әрбір трак-  
тормен 450 гектар жер жыртты,  
белгіленген нормадан кемінде 5  
процент жанармай үнемдейміз.

Совхоздың барлық жұмысшыла-  
ры жұмыс нормасын орта есеппен  
кемінде 120 процент орындауға  
міндеттенеді.

1944 жылы егіннен өткен жыл-  
дарға қарағанда неғұрлым мол  
өнім алу жолында жүзеге асыру  
үшін біздің алған міндеттемелері-  
міз бен белгілеген шараларымыз  
осындай.

Біз Кеңестер Одағының барлық  
совхоздарының қызметкерлерін  
егіннен Сталиндік мол өнім алу  
жолындағы Бүкілодақтық соци-  
алистік жарысқа қосылуға шақыра-  
мыз.

Жолдастар, совхоздардың жұ-  
мысшылары мен жұмысшы әйел-  
дері! Өздеріңіздің міндеттемелері-  
ңізді мүлтіксіз орындаңыздар. „Жұ-  
мыс нормасын орындамайынша  
жұмыс даласынан кетпейік!“ деген  
сөз біздің мызғымас ережеміз бо-  
луға тиіс.

Жолдастар, бригадирлер мен  
звеношылар! Егіннен мол өнім  
алу жолындағы бүкіл халықтық  
жорықта бригадаларыңыз бен зве-  
ноларыңыздың озып шығуы үшін  
күресіндер.

Жолдастар, агрономдар мен  
егін шаруашылығының қызметкер-  
лері! Озат агрономия ғылымы мен  
стахановшылар тәжірибесін белсең-  
ділікпен жүзеге асырушы болың-  
дар, барлық агротехника шарала-  
рын дер кезінде және жоғары са-  
палы жүзеге асыру ісін ұйымдас-  
тырындар.

Жолдастар, тракторшылар мен  
механиктер! Әрбір трактордың екі  
смена бойына үздіксіз жұмыс іс-  
теуіне жетіңіздер, әрбір тамшы  
жанармайды үнемдеп, егіс жерін  
жоғары сапалы жұмыстау жөнін-  
дегі барлық ережені мүлтіксіз  
қолданындар.

Жолдастар, директорлар, бөлім-  
шелер мен фермалардың басқару-  
шылары! Совхоз даласында жұ-  
мыстың тыңғылықты және өнімді  
істелуіне ұйымдастырушы болың-  
дар, мемлекеттік және өндірістік  
тәртіпті қатаң сақтау үшін, мем-  
лекет алдындағы барлық міндетте-  
мені артығымен орындау үшін  
күресіндер.

Жолдастар, совхоздардың қыз-  
меткерлері! Совхоздардың егіс да-  
ласында көктемгі егісті соғыстағы-  
ша, ұйымдасқан түрде және жоға-  
ры сапалы өткізейік, барлық ауыл  
шаруашылық егістерінен жеңіске  
сай өнім—Сталиндік мол өнім  
алайық, майданға көмегімізді не-  
ғұрлым күшейтіп, жексұрын жауды  
толық және біржолата талқан-  
дау сағатын жақындата түсейік!

Батыр Қызыл Армиямыздың дан-  
қы арға берсін!

Кеңестер көсеміміз және қол-  
басшымыз Кеңестер Одағының  
Маршалы Сталин жолдастың ме-  
рейі үстем болсын!

Неміс басқыншылар құртылсын!  
Воронеж облысындағы „Новая жизнь“  
совхозы жұмысшыларының, жұмысшы  
әйелдерінің, мамандары мен қызметшіле-  
рінің тапсыруы бойынша;  
Совхоз директоры А. Ильин, партия  
ұйымының секретарі С. Сидорова, жұмыс-  
шылар комитетінің председатели Е. Тара-  
рина, агроном Н. Карябин, механик Б.  
Андреев, егін бригадасының бригадирі  
С. Щетинин, трактор бригадасының бри-  
гадирі С. Борзаков, звеношы А. Тимо-  
феева, тракторшы Е. Прокудина, комбайн-  
шы Т. Токарев, ремонт мастерскойның  
слесарі М. Подлесных, стахановшы А.  
Широкобокова.

## ШЕТ ЕЛ ХАБАРЛАРЫ

1943 жылы одақтастар жаудың  
200ден аса сүңгуір қайығын жойды,  
өткен дүние жүзілік соғыста осы  
шамалы сүңгуір қайықтар жойыл-  
ған болатын.

\*\*\*

Соғысқа дейін 6 соғыс кораблі мен  
7 көмекші кемесі бар Канада флоты-  
нда қазір 250дей соғыс кораблі, 450  
ден аса көмекші және күзет кеме-  
лері бар. Соғыс жылдарында Кана-  
да флотының корабльдері Солтүс-  
тік Атлантикадан 114 миллион тон-  
на жүк тиеліп Еуропаға жөнелтілген  
18 мыңнан аса кемелі қостады және  
қостауға қатынасты. Мұның үстіне,  
Канада флотының корабльдері Вели-  
кобритания мен АҚШ теңіздерінде  
30 мың кемелі қостауға қатынасты.

\*\*\*

Гитлершілдер бұрын шет ел леги-  
онында қызмет істеген барлық адам-  
дарды герман армиясының қатары-  
на еріксіз қосу үшін тізімге алу ісін  
жүргізуді Виши өкмет орындарынан  
талап еткен.

\*\*\*

3 және 4 мартта, солтүстік Тран-  
сильванияда Румынияға қарсы де-  
монстрациялар болған. Осыған бай-  
ланысты соңғы кезде румындар мен  
венгрлердің қырқысуы өршіген. Ру-  
мын және венгр газеттері мен ра-  
диосы біріне-бірі оқала жауып, қо-  
қанлоқылық істеді.

\*\*\*

Римде азық-түлік запасы толық  
дерлік сарқылды. Халыққа ашаршы-  
лық қаупі төнуде. Судың тапшылығы  
байқалып отыр.

\*\*\*

Жақын арада кеңес елінің Теге-  
рандағы елшілігінде кеңес елінің  
академия театрлары мен эстрадасы  
артистерінің концерті болды. Кон-  
цертке Иран үкметінің мүшелері,  
Мәжліс депутаттары, генералитет,  
дипломатия корпусы, Иран жұртшы-  
лығы мен баспасөзінің өкілдері қа-  
тысты. Концерт зор табыспен өтті.

\*\*\*

Англияда Лондон маңында, дү-  
ние жүзінде аса ірі авиация база-  
сын қасау жоспары қаралып жа-  
тыр. Жоспар бойынша аэродромда  
самолеттердің бетоннан жасалған  
ұшу-қону жолдары болмақ, жол-  
дың біреуінің ұзақтығы 4500 метр,  
ені 135 метр. „Ұшқыш қайықтар“  
үшін ені 180 метрлік және ұзақты-  
ғы 3200 метрлік канал салынбақ.

\*\*\*

Германияның соғыс трибуналы  
Джионда саботаждық жасады және  
герман комендантының өлтіруге қа-  
тысты деп айыпталған 15 француз  
патриотының өлім жазасына кесті.  
Үкім естірілісімен дереу орындал-  
ды.

\*\*\*

15 мартқа қараған түнде ағыл-  
шынның жағалауды қорғаушы же-  
ңіл корабльдері Паде-Каледе дүш-  
панның шағын кемесін суға баты-  
рып, торпедасы екі катері мен бір  
кемесін зияндады. (ТАСС).

Жауапты редактор  
Ө. ОСПАНОВ.

„Октябрь“ кинотеатрында

„ӨМІР ҚҰНЫ“

деген көркем суретті дыбысты фильм  
көрсетіледі.

Сеанстар кешкі сағат 6-8-10-да бастала-  
ды. Касса күндізгі сағат 3-тен бастап  
ашық.